



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ

Ф 017-1.62-2023

13.10.2023 ж.

Хаттама

Бет 1 - 4

ҚР Жоғары оқу орындарының студенттері арасында өткен базалық жоғары оқу орындарындағы XVI Республикалық пәндік олимпиада бойынша «Өнертану» факультеті «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасы мәжілісінің

№ 9 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

«23» сәуір 2024 жыл

Катысқандар:

Комиссия төрағасы:

Нұрпейіс Бақыт Қекиқызы – өнертану докторы, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры

Комиссия мүшелері:

- Сарыбай Мадияр Ерғалиұлы** – өнертану магистрі, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы
- Әлкеева Бейбіт Азамбекқызы** – өнертану магистрі, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы

Жауапты хатшы:

Бейбіт Әлкеева Азамбекқызы – «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы

Олимпиаданы откізуге жауапты тұлға:

Исламбаева Зухра Усманбекқызы – өнертану кандидаты, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

XVI Республикалық Пәндік Олимпиада байқауын откізу және қорытындысын шығару.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Нұрпейіс Б.К.: – Қайырлы күн, әрітестер! Бұгін міне, жылдағы дәстүр бойынша XVI Республикалық Пәндік олимпиаданың II-ші, негізгі кезеңін откізіп отырмыз. Осы жылғы қатысушылар саны артып отырганы бізді қуантып отыр. Астана қаласы, Қазақ ұлттық өнер университеті «Театртану» мамандандыруының студенттері де қатысып отыр. Бұгінгі олимпиада



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ

Ф 017-1.62-2023

13.10.2023 ж.

Хаттама

Бет 2 - 4

қатысушылар саны – 19 студент. Сіздерге ең алдымен, қатысушы студенттердің жұмыстарын оқып, сараптайтын комиссия құрамымен таныстырып өтейін. Төраға мен, яғни Нұрпейіс Бақыт Кәкиқызы – өнертану докторы, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры, мүшелері: 1. Сарыбай Мадияр Ерғалиұлы – өнертану магистрі, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы; 2. Әлкеева Бейбіт Азамбекқызы – өнертану магистрі, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы және олимпиаданың жауапты хатшысы. Бұл шараның өтетіндігі туралы кафедраның ПОҚ-на, курс жетекшілеріне алдын-ала айтылған болатын. Сол негізде қатысатын студенттер анықталды. Мен енді бүгінгі олимпиаданың тақырынтарын атап өтейін:

1. Қазіргі қазақ драматургиясындағы тақырып мәселесі
2. Заманауи актерлік өнеріндегі шығармашылық ізденістер
3. Бүгінгі қазақ режиссурасындағы көркемдік бағыттар

Сіздерге тақырынтар түсінікті болуы керек. Ғылыми жұмыстың өздерінің оқып жүрген пьесаларыңыз, көріп жүрген спектакльдеріңіз бойынша жазуларыңызға болады. Мадияр Ерғалиұлы, сіз негізгі оту процесін, талаптарды айтып отсаныңыз.


Сарыбай М.Е.: – «Театртану» білім беру бағдарламасынан 1, 2, 3 курс студенттері «Театр сыйны» пәні бойынша өздерінің осы күнге дейін алған білімдерін сарапқа салайын деп отыр. Әрқайсысының Бақыт Кәкиқызы айтып откен тақырынтардың бірін таңдал аласыздар. Бұл жерде жазылған жұмыстың 3 беттен төмен болмау керектігін баса айтқым келеді. Өсірепе, жоғары курстардың жазған жұмыстары 5 беттен төмен болмауы туіс.

Сағат 10.00-13.00 аралығында студенттер ғылыми жұмыстарын жазып откізді.

Сағат 13.00-14.00 аралығында комиссия төрайымы мен мүшелері жұмыстарды оқып шығып, қорытындысын шығарды.

Нұрпейіс Б.К.: – Құрметті әріптестер, енді бүгінгі олимпиада бойынша қорытынды жасайық. Берілген 3 сағаттың ішінде білім алушылар мүмкіндігінше жинақы жұмыс жазуға тырысты. Жұмыстардың барлығын оқып шығып, нақты бір қорытындыға келіп отырмыз. Комиссия мүшелеріне сөз беріп, тыңдайық.

Әлкеева Б.: – Бүгінгі олимпиадаға түскен тақырынтар бойынша студенттер өз пікірлерін жұмыстарында көрсетті. Қуантарлық жағдай ретінде айта кетерім, студенттер соңғы көрген спектакльдер мен жеке актерлік жұмыстарға, оқыған пьесаларға дең қойып, талдау жасаған екен. Ол



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ

Ф 017-1.62-2023

13.10.2023 ж.

Хаттама

Бет 3 - 4

жастардың бүгінгі театр үдерісін қадағалап, үн қоса алатының көрсеткіші екені сөзсіз. Әрине кемшіліктер де жоқ емес. Сөз саптауларында, ой жеткізулерінде шорқақтық бар. Бірінші жақтан сөйлеулері оте көп. Пікір білдіргендег үшінші жақтан «біз» деп жазу дұрыс екенін курс жетекшілері бұған дейін қадағалап айтқан болатын. Қатысып отырган жұмыстармен толық танысып шықтық. Орын алған жұмыстарға келетін болсақ, студенттердің тақырыпты ашуы, ғылыми тілде жазуы мен оз пікірлерін жеткізу деңгейіне мән бергенімізді ескере отырып 2 курс студенті Дүйсенбай Әсептің жұмысы ең үздік болып отыр. Жалпы олимпиадаға келіп түскен жұмыстардың ішінде бесеуі өз деңгейінде бағалауға ие болды деп айта аламыз.

Сарыбай М.Е.: – Биыл олимпиадада қатысушылар саны 1-3 курс студенттері және Астана қаласынан келген театртанушылармен қоса есептегендег былтырғы жылғыдан әлдеқайда көп. Бұл студенттердің қызығушылығы артқанын көрсетеді. Берілген тақырыптарға премьеरалар негізінде талдаулар жасауға тырысқан. Үш сағат бойы жазылған 19 жұмыстың ішінде 3-ші курстардан Әшім Ақжұністің жұмысы ой жеткізу, сөйлем құрастыру жағынан жинақы жазылған.

Жалпы барлық студенттер ғылыми жұмыс жазу барысында өздерінің шығармашылық мүмкіндіктерін, кәсіби пікір қалыптастыра алатындығын білдірді. Кәсіби лікке ұмтылууды 1 курстардан да анық байқауға болады.

Нұрпейіс Б.К.: – Жақсы, рахмет. Олай болса, қорытындыны жариялайық.

XVI РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАНЫҢ II-КЕЗЕҢДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:

I дәрежелі диплом – Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА-ның 2 курс студенті Дүйсенбай Әсет

II дәрежелі диплом – Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА-ның 3 курс студенті Әшім Ақжұніс

III дәрежелі диплом – Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА-ның 2 курс студенті Жетпісбаев Тойбек

III дәрежелі диплом – Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА-ның 3 курс студенті Алима Ниссанғалиева

III дәрежелі диплом – Астана қаласы, Қазақ ұлттық өнер университетінің 2 курс студенті Карibaева Перизат

III дәрежелі диплом – Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА-ның 1 курс студенті Нарқызы Орынбасар

МӘЖІЛІС ШЕШІМІ:



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ

Ф 017-1.62-2023

13.10.2023 ж.

Хаттама

Бет 4 - 4

XVI Республикалық Пәндік Олимпиада байқауы бойынша жұмыс тақырыбының ашылуы, өзектілігі, негізделуі, мазмұндылығы және шығармашылық ізденис талаптары ескеріле отырып, Республикалық пәндік олимпиада жогары деңгейде отті деп саналсын.

Комиссия төрдімдіктері:

Нұрпейіс Б.К.



Комиссия мүшелері:

Сарыбай М.Е.



Әлкеева Б.А.



Хатшы:

Әлкеева Б.А.

